

**"Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 403-ө-м бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2019 жылғы 30 желтоқсандағы № 710 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2019 жылғы 31 желтоқсанда № 19807 болып тіркелді

**З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і !**

**Осы бұйрық 01.01.2020 бастап қолданысқа енгізіледі**

**БҰЙЫРАМЫН:**

1. "Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2013 жылғы 28 тамыздағы № 403-ө-м бұйрығына ( Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8749 болып тіркелген, 2014 жылғы 22 қаңтардағы № 14 (28238) "Егемен Қазақстан" газетінде жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жүзеге асырылатын міндеттерді орындау үшін қажетті және жеткілікті дербес деректердің тізбесінде:

7-тараудың 6-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"

Жәрдемақы	алуға	құқықты	растайтын	мәліметтер:
1) Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектері үшін – Ұлы Отан соғысының қатысушысының немесе мүгедегінің куәлігінде қамтылған				мәліметтер;
2) Кеңес Одағының Батырлары, Социалистік Еңбек Ерлері, үш дәрежелі Даңқ, үш дәрежелі Еңбек Даңқы ордендерінің иегерлері үшін – наградаға берілген куәлікте және (немесе) Ұлы Отан соғысына қатысушының немесе мүгедегінің куәлігінде қамтылған				мәліметтер;
3) "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағына ие болған адамдар үшін – "Қазақстанның ғарышкер-ұшқышы" құрметті атағы берілгенін растайтын құжатта қамтылған				мәліметтер;
4) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының қатысушыларына теңестірілген адамдар үшін :				
қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелетін қалаларда Ұлы Отан соғысы кезінде қызмет атқарған әскери қызметшілер, сондай-ақ бұрынғы КСР Одағы ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік органдарының басшы және қатардағы құрамының адамдары үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе Ұлы Отан соғысының қатысушылары мен мүгедектеріне және соларға теңестірілген адамдарға берілетін жеңілдіктер мен оларды әлеуметтік қорғау туралы Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңына (бұдан әрі – 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заң) сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер; Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия құрамына кірген әскери бөлімдерде, штабтарда, мекемелерде штаттық қызмет атқарған Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, бұрынғы КСР Одағының ішкі істер және мемлекеттік қауіпсіздік әскерлері мен органдарының ерікті				

жалдама құрамаларының адамдары, не тиісті кезеңде қорғанысына қатысу майдандағы армия бөлімдерінің әскери қызметшілері үшін белгіленген жеңілдік шарттарымен зейнетақы тағайындау үшін еңбек өткерген жылдарына 1998 жылғы 1 қаңтарға дейін есептелетін қалаларда болған адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер; Ұлы Отан соғысы кезінде майдандағы армия мен флоттың құрамына кірген бөлімдердің, штабтар мен мекемелердің құрамында полк баласы (тәрбиеленушісі) және теңізші бала ретінде болғандар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер;

екінші дүниежүзілік соғыс жылдарында шет елдердің аумағында фашистік Германия мен оның одақтастарына қарсы ұрыс қимылдарына партизан отрядтары, астыртын топтар және басқа да антифашистік құрамалар құрамында қатысқан адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер; Қатынас жолдары халық комиссариаты, Байланыс халық комиссариаты арнайы құрамаларының, кәсіпшілік және көлік кемелерінің жүзу құрамы мен авиацияның ұшу-көтеру құрамының, бұрынғы КСР Одағы Балық өнеркәсібі халық комиссариатының, теңіз және өзен флотының, Солтүстік теңіз жолы Бас басқармасының ұшу-көтеру құрамының Ұлы Отан соғысы кезінде әскери қызметшілер жағдайына көшірілген және ұрыс майдандарының тылдағы шептері, флоттардың оперативтік аймақтары шегінде майдандағы армия мен флот мүдделеріне орай міндеттер атқарған қызметкерлері, сондай-ақ Ұлы Отан соғысының бас кезінде басқа мемлекеттердің порттарында тұтқындалған көлік флоты кемелері экипаждарының мүшелері үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдікке құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер;

қоршаудағы кезеңінде Ленинград қаласының кәсіпорындарында, мекемелері мен ұйымдарында жұмыс істеген және "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен әрі "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен марапатталған азаматтар үшін – "Ленинградты қорғағаны үшін" медаліне немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісіне қоса берілетін куәлікте немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдікке құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер; екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлердің, геттолардың және басқа да еріксіз ұстау орындарының жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқындары үшін – жасы кәмелетке толмаған бұрынғы тұтқын куәлігінде не екінші дүниежүзілік соғыс кезінде фашистер мен олардың одақтастары құрған концлагерлерде, геттоларда және басқа да еріксіз ұстау орындарында мәжбүрлеп ұсталғандығы туралы мұрағаттық анықтамада немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдікке құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлікте қамтылған мәліметтер;

басқа мемлекеттердің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысушылар, атап айтқанда: бұрынғы КСР Одағы үкімет органдарының шешімдеріне сәйкес басқа мемлекеттің аумақтарындағы ұрыс қимылдарына қатысқан Кеңес Армиясының, Әскери-Теңіз флотының, Мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің әскери қызметшілері, бұрынғы КСР Одағы Ішкі істер министрлігінің қатардағы және басқарушы құрамының адамдары (әскери мамандар мен кеңесшілерді қоса есептегенде); жаттығу жиындарына шақырылып, ұрыс қимылдары жүріп жатқан кезде Ауғанстанға жіберілген әскери міндеттілер; ұрыс қимылдары жүріп жатқан осы елге жүк жеткізу үшін Ауғанстанға жіберілген автомобиль батальондарының әскери қызметшілері; бұрынғы КСР Одағының аумағынан Ауғанстанға жауынгерлік тапсырмаларды орындау үшін ұшулар жасаған ұшу құрамының әскери қызметшілері; Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткен жараланған, контузия алған немесе зақымданған не ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған жұмысшылар мен қызметшілер үшін - белгіленген үлгідегі куәлікте, басқа мемлекеттің аумағында ұрыс қимылдарына қатысқандығын растайтын әскери комиссариаттың анықтамасында немесе басқа мемлекеттердің аумағында ұрыс қимылдарына қатысқандығы туралы белгі соғылған әскери билетте, Ауғанстандағы кеңес әскери құрамына қызмет көрсеткендігін растайтын құжатта және жараланғанын, контузия алғанын немесе зақымданғанын растайтын медициналық құжаттарда, ұрыс қимылдарын қамтамасыз етуге қатысқаны үшін бұрынғы КСР Одағының ордендері мен медальдарына қоса берілетін куәлікте қамтылған мәліметтер; 1986-1987 жылдары Чернобыль АЭС-індегі апаттың, сондай-ақ азаматтық немесе әскери мақсаттағы

объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жоюға қатысқан, сондай-ақ ядролық сынақтар мен жаттығуларға тікелей қатысқан адамдар үшін – Чернобыль АЭС-індегі апаттың зардаптарын жоюға қатысушының куәлігінде немесе Чернобыль АЭС-індегі апаттың немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысқанын, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын құжатта немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі радиациялық апаттардың зардаптарын жоюға қатысу фактісін, ядролық сынақтар мен оқуларға тікелей қатысқанын растайтын әскери комиссариаттың немесе Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ҚР ІМ ТЖК) анықтамасында қамтылған мәліметтер;

5) жеңілдіктер мен кепілдіктер бойынша Ұлы Отан соғысының мүгедектеріне теңестірілген адамдар үшін :

бұрынғы КСР Одағын қорғау кезінде, әскери қызметтің өзге де міндеттерін басқа уақытта орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан немесе майданда болуына байланысты, сондай-ақ Ауғанстанда немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттерде әскери міндетін өтеу кезінде ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған әскери қызметшілер үшін - әскери қызметшілер қатарындағы мүгедектің куәлігінде (Кеңес Армиясы мүгедегінің жеңілдіктерге құқығы туралы), жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, мүгедектігі туралы анықтамада, ұрыс қимылдарына қатысу фактісін растайтын әскери комиссариаттың анықтамасында немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігінде қамтылған мәліметтер; әскери міндетін орындау кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан не майданда болуына немесе ұрыс қимылдары жүргізілген мемлекеттерде әскери міндетін орындауына байланысты ауруға шалдығуы салдарынан мүгедек болған бұрынғы КСР Одағының мемлекеттік қауіпсіздік органдарының және ішкі істер органдарының басшы және қатардағы құрамындағы адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте, жаралануы, контузия алуы, зақымдануы туралы анықтамада, Ішкі істер органдарының, Ұлттық Қауіпсіздік комитетінің тиісті анықтамасында немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігінде қамтылған мәліметтер ;

1944 жылдың 1 қаңтарынан 1951 жылдың 31 желтоқсанына дейінгі кезеңде Украин ССР-і, Беларусь ССР-і, Литва ССР-і, Латыш ССР-і, Эстон ССР-і аумақтарында қимыл жасаған халықты қорғаушы истребительдік батальондардың, взводтар мен отрядтардың жауынгерлері мен командалық құрамы қатарында болған, осы батальондарда, взводтарда, отрядтарда қызмет міндетін атқару кезінде жаралануы, контузия алуы немесе зақымдануы салдарынан мүгедек болған адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте, жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, мүгедектігі туралы анықтамада, ұрыс қимылдарына қатысу фактісін растайтын әскери комиссариаттың анықтамасында немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігінде қамтылған мәліметтер ;

басқа елдерде қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсеткен және ұрыс қимылдарын жүргізу кезінде жаралануы, контузия алуы, зақымдануы салдарынан мүгедек болған тиісті санаттағы жұмысшылар мен қызметшілер үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте, жаралануы, контузия алуы, зақымдануы, мүгедектігі туралы анықтамада, тиісті санатын және басқа елдердің қимыл жасаған әскер құрамдарына қызмет көрсету салдарынан мүгедек болуын растайтын құжатта немесе 1995 жылғы 28 сәуірдегі Заңға сәйкес жеңілдіктерге құқығы туралы белгі соғылған зейнеткерлік куәлігінде қамтылған мәліметтер ;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық қаруды сынаудың салдарынан мүгедек болған адамдар, сондай-ақ ата-анасының бірінің радиациялық сәуле алуы себебінен генетикалық жағынан мүгедек болып қалған олардың балалары үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте, халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органы аумақтық органының Чернобыль АЭС-індегі апаттың немесе азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың салдарынан болған мүгедектігі туралы анықтамасында немесе Аурудың радиациялық әсерге себептік байланысын анықтау жөніндегі орталық ведомствоаралық кеңестің қорытындысында қамтылған мәліметтер ;

6) Ұлы Отан соғысында қаза тапқан (қайтыс болған, хабар-ошарсыз кеткен) жауынгерлердің ата-аналары мен қайтадан некеге отырмаған жесірлері үшін – әскери қызметшінің қайтыс болғандығы

туралы куәлікте немесе хабарламада немесе қаза тапқандағы немесе хабар-ошарсыз кету фактісі туралы әскери комиссариаттың анықтамасында, әскери қызметшіге туыстық қатынасын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

7) қайтыс болған соғыс мүгедектерінің және оларға теңестірілген мүгедектердің әйелдері (күйеулері), сондай-ақ қайтыс болған соғысқа қатысушылардың, партизандардың, астыртын күрес жүргізген адамдардың, "Ленинградты қорғағаны үшін" медалімен немесе "Қоршаудағы Ленинград тұрғыны" белгісімен наградталған, жалпы ауруға шалдығудың, еңбек ету кезінде зақым алуының нәтижесінде және басқа да себептерге (құқыққа қайшы келетіндерінен басқаларына) байланысты мүгедек деп танылған азаматтардың екінші рет некеге тұрмаған әйелдері (күйеулері) үшін – неке туралы куәлікте, жұбайының (зайыбының) қайтыс болғандығы туралы куәлікте, жұбайының (зайыбының) мүгедектігін растайтын құжатта қамтылған мәліметтер;

8) Ауғанстандағы немесе ұрыс қимылдары жүргізілген басқа мемлекеттердегі ұрыс қимылдары кезеңінде жараланудың, контузия алудың, зақымданудың немесе ауруға шалдығудың салдарынан қаза тапқан (хабар-ошарсыз кеткен) немесе қайтыс болған әскери қызметшілердің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның қайтыс болғаны туралы хабарламада немесе куәлікте, әскери қызметшінің қаза тапқандығы немесе хабар-ошарсыз кету фактісі туралы әскери комиссариаттың анықтамасында, қаза тапқан адаммен туыстық қатынасын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқан (қайтыс болған) әскери қызметшілердің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның қайтыс болғандығы туралы хабарламада немесе куәлікте, әскери қызметшінің бейбіт уақытта әскери қызметін өткеру кезінде қаза тапқандығы немесе хабар-ошарсыз кету фактісі туралы әскери комиссариаттың анықтамасында, қаза тапқан адаммен туыстық қатынасын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза тапқан ішкі істер органдары қызметкерлерінің отбасылары үшін – қаза тапқан (қайтыс болған) адамның қайтыс болғандығы туралы хабарламада немесе куәлікте, қызмет міндеттерін атқару кезінде қаза табу фактісін растайтын ішкі істер органдарының анықтамасында немесе құжатта, қаза тапқан адаммен туыстық қатынасын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәліктері) қамтылған мәліметтер;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қаза тапқандардың отбасылары үшін – қаза тапқан адамның қайтыс болғандығы туралы куәлікте, Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың зардаптарын жою кезінде қайтыс болғанын растайтын құжатта, қаза тапқан адаммен туыстық қатынасын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

Чернобыль АЭС-індегі апаттың және азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың салдарынан сәуле ауруына шалдығып қайтыс болғандардың немесе өлімі белгіленген тәртіппен солардың ықпалына байланысты болған мүгедектердің, сондай-ақ азаматтардың отбасылары үшін – сәуле ауруына шалдығып қайтыс болған азаматтардың немесе қайтыс болған мүгедектің, сондай-ақ өлімі белгіленген тәртіппен Чернобыль АЭС-індегі апаттың, азаматтық немесе әскери мақсаттағы объектілердегі басқа да радиациялық апаттар мен авариялардың, ядролық сынаулардың әсеріне байланысты болған азаматтың өлімі туралы куәлікте, өлімнің радиациялық әсер ету салдарынан болғанын растайтын құжатта, қаза тапқан адаммен туыстық жақындығын растайтын құжатта (неке туралы куәлік, балалардың туу туралы куәлігі) қамтылған мәліметтер;

9) Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 3 маусымдағы № 445 бұйрығымен бекітілген Арнаулы мемлекеттік жәрдемақы тағайындау және төлеу қағидаларына 6-қосымшаға (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11745 болып тіркелген) сәйкес Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі және қалтқысыз әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталған адамдар үшін – белгіленген үлгідегі куәлікте немесе наградаға берілген куәлікте немесе мұрағаттық анықтамада немесе наградау фактісі туралы жазбасы бар еңбек кітапшасында қамтылған мәліметтер;

10) 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, кемінде алты ай жұмыс істеген (қызмет өткерген) және Ұлы Отан соғысы жылдарында тылдағы қажырлы еңбегі мен қалтқысыз

әскери қызметі үшін бұрынғы КСР Одағының ордендерімен және медальдарымен наградталмаған адамдар үшін - еңбек кітапшасында немесе 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, жұмысы туралы мәліметтері бар өзге де құжаттарда, 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, әскери қызмет кезеңі туралы мәліметтері бар әскери билетте немесе анықтамада қамтылған мәліметтер; 1941 жылғы 22 маусымнан бастап 1945 жылғы 9 мамырды қоса алғанда, жұмысы туралы мәліметтері бар құжаттарға мыналар жатады: жұмыс орны, сондай-ақ мұрағат мекемелері берген жұмыс кезеңдері туралы мәліметтері бар құжаттар; бұйрықтардан, жеке шоттар мен жалақы төлеуге арналған ведомостардан үзінді көшірмелер; коммунистік партия немесе кәсіподақ мүшелерінің мүшелік билеттері немесе есеп карточкалары; қызметін бұрын қолданыста болған заңнамаға сәйкес жүзеге асырып келген жұмыс өтілін белгілеу жөніндегі зейнетақы тағайындау жөніндегі комиссиялардың шешімдері; сот шешімдері; арнайы комиссиялардың шешімдері; 1998 жылға дейін берілген жеңілдіктерді алуға құқығы туралы куәлік; фабрика-зауыт училищелерінде оқу фактісін растайтын анықтамалар; 11) 1988-1989 жылдарда Чернобыль АЭС-індегі апаттың салдарын жоюға қатысушылар, қоныс аудару күніне құрсақта болған балаларын қоса алғанда, оқшаулау және қоныс аудару аймағынан Қазақстан Республикасына қоныс аударғандар (өз еркімен кеткендер) қатарындағы адамдар үшін – Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысушының куәлігі немесе Чернобыль АЭС-індегі аварияны жоюға қатысу фактісін растайтын құжат, балалардың туу туралы куәлігі; 12) I, II және III топтағы мүгедектер, оның ішінде 16-дан 18 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін - мүгедектік туралы анықтама; 13) 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар үшін – мүгедектік туралы анықтама; 14) "Халық қаһарманы" атағына ие болған адамдар үшін – "Халық қаһарманы" атағы берілгенін растайтын құжат; 15) "Қазақстанның Еңбек Ері" атағына ие болған адамдар үшін – "Қазақстанның Еңбек Ері" атағы берілгенін растайтын құжат; 16) саяси қуғын-сүргін құрбандары, мүгедектігі бар немесе зейнеткер болып табылатын саяси қуғын-сүргіндерден зардап шеккен адамдар үшін – халықты әлеуметтік қорғау саласындағы орталық атқарушы органның аумақтық органының мүгедектік топты белгілеу туралы (белгіленген үлгідегі) анықтамалары, зейнеткерлік куәлігі, ақталған азаматтың куәлігі немесе прокуратура органдарынан немесе ішкі істер немесе ұлттық қауіпсіздік органдарынан алынған ақталғаны туралы анықтамалары немесе ақталғаны туралы соттың шешімі; 17) Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындалған адамдар үшін – дербес зейнеткер куәлігі немесе Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті жанындағы Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы белгілеу жөніндегі комиссияның Қазақстан Республикасына сіңірген ерекше еңбегі үшін зейнетақы тағайындау туралы шешімінен үзінді көшірме.

";

мынадай мазмұндағы 20, 21 және 22-тараулармен толықтырылсын:

"

20 тарау. Бала кезінен бірінші топтағы мүгедек баланы күтуге жәрдемақы тағайындау	
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	Туған күні
5	ЖСН
6	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, сериясы, берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган

7	Мәртебесін растайтын мәліметтер: Қазақстан Республикасының азаматтығын алғанға дейінгі оралман куәлігі
8	Қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгілеуді растайтын мәліметтер): құжаттың атауы, нөмірі, құжаттың берілген күні, қорғаншының (қамқоршының) Тегі, Аты, Әкесінің аты (ол болған кезде), қорғаншылыққа (қамқоршылыққа) берілген баланың тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) және туған күні, бала кезінен бірінші топтағы мүгедектің тұрғылықты мекенжайы (облыстың, ауданның (қаланың), көшенің атауы, үйдің, пәтердің нөмірі))
9	Тұрғылықты жері туралы мәліметтер: тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), ауылдың, көшенің (шағын ауданның) атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, Берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәліметтер) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Байқоңыр қаласындағы тұрғын үйді тіркеу және тіркеу бөлімінен анықтама
10	Бала кезінен қорғаншылықты (қамқоршылықты) белгіленген бірінші топтағы мүгедек туралы мәліметтер: ЖСН, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), туған күні
11	Мүгедектігі туралы ақпарат: мүгедектік санаты, мүгедектік тобының коды, мүгедектік тобы, мүгедектіктің себебі, құрылған күні, мүгедектікті анықтау мерзімі
12	Банк шотының болуы туралы мәліметтер: банк шоты ашылған банктің толық атауы, банк шотының иесі болып табылатын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер, шоттың түрі
13	Қорғаншының (қамқоршының) психикалық денсаулық орталығында есепте болу фактісінің болмауы туралы мәліметтер)
14	Бала жасынан бірінші топтағы мүгедекке күтім жасауды жүзеге асыратын ретінде анықталған адамның әрекет қабілеттілігі туралы мәліметтер
21 тарау. "Алтын алқа", "Күміс алқа" алқаларымен марапатталған немесе бұрын "Ана геройы" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған көпбалалы аналарға жәрдемақы тағайындау	
1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	Туған күні
5	ЖСН
6	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, сериясы, берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган
7	Мәртебесін растайтын мәліметтер: Шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі
8	"Алтын алқа", "Күміс алқа" алқасымен марапатталған немесе бұрын "Ана геройы" атағын алған, I және II дәрежелі "Ана даңқы" ордендерімен марапатталған немесе көпбалалы ана атағын растайтын ақпарат: атауы, құжат нөмірі, құжаттың берілген күні, тегі, аты, әкесінің аты (бар болса)
9	Тұрғылықты жері туралы мәліметтер: тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), ауылдың, көшенің (шағын ауданның) атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, Берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәліметтер) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Байқоңыр қаласындағы тұрғын үйді тіркеу және тіркеу бөлімінен анықтама
10	Банк шотының болуы туралы мәліметтер: банк шоты ашылған банктің толық атауы, банк шотының иесі болып табылатын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер, шоттың түрі

22 тарау. Бірге тұратын төрт және одан көп кәмелетке толмаған балалары бар, оның ішінде күндізгі оқу нысанында орта жалпы білім беретін, жоғары және орта кәсіптік оқу орындарында оқитын, олар кәмелеттік жасқа толғаннан кейін оқу орнын бітіретін уақытқа дейінгі (бірақ 23 жасқа толғанға дейін) балалары бар көпбалалы отбасыларға жәрдемақы тағайындау

1	Тегі
2	Аты
3	Әкесінің аты (бар болса)
4	Туған күні
5	ЖСН
6	Жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтер: құжаттың атауы, нөмірі, сериясы, берілген күні, құжаттың қолданылу мерзімі, құжатты берген орган
7	Мәртебесін растайтын мәліметтер: Шетелдіктің тұруға ықтиярхаты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі
8	Туу туралы мәліметтер: туған күні, туған жері, тууды тіркеу
9	Неке (ажырасу) туралы куәлік (азаматтық хал актілерін тіркеу туралы куәлік) немесе ажырасу туралы куәлік немесе неке қию туралы жазбадан үзінді көшірме (өтініш берушінің деректері мен баланың туу туралы куәлігіндегі мәліметтер сәйкес келмеген жағдайда)
10	Тұрғылықты жері туралы мәліметтер: тұрақты тұрғылықты жерінің мекенжайы, облыстың, ауданның (қаланың), ауылдың, көшенің (шағын ауданның) атауы, үйдің, пәтердің нөмірі, құжаттың нөмірі, Берілген күні, құжатты берген орган, тұрғылықты жері туралы мәліметтер) Байқоңыр қаласының тұрғындары үшін Байқоңыр қаласындағы тұрғын үйді тіркеу және тіркеу бөлімінен анықтама
11	Балалардың оқитындығын растайтын оқу орнынан анықтама
12	Банк шотының болуы туралы мәліметтер: банк шоты ашылған банктің толық атауы, банк шотының иесі болып табылатын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде), туған күні, банктерде және (немесе) банк операцияларының жекелеген түрлерін жүзеге асыратын ұйымдарда ашылған банк шотының нөмірі туралы мәліметтер, шоттың түрі

".

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Әлеуметтік көмек саясатын дамыту департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оны Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтер ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі Е.М. Әукеновке жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасының  
Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

Б. Нурымбетов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК